

**DEXP**

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



# **Мазмұны**

Сақтық шаралары .....	4
Техникалық сипаттамалары.....	5
Құрылғы схемасы .....	6
Пешті басқару реттегіші .....	6
Таймер және шам.....	6
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....	6
Пеште пісіру .....	7
Торда қуыру .....	7
Қызмет көрсету және күтім .....	7
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	8
Қосымша ақпарат .....	8

# Электр пеші DEXP VN-2100

## Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бүйімдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бағстар алдында Сіздің қауіпсіздігіңзіге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бүйімды әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Электр пеші — бұл тамақ дайындауға арналған жылдыту құрылғысы.

## Сақтық шаралары


- Құрылғыны қосудың алдында онда көрсетілген кернеудің жерге түйікталуы бар жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.
- Ұстық заттар мен тағамдарды ұстамаңыз. Ұстыққа төзімді қолғапты немесе ұстағышты қолданыңыз.
- Құрылғыны балалардың жаһында қолданғанда мұқият болыңыз.
- Электр тоғымен зақымдануға жол бермеу үшін құрылғыны, сымды, ашаны суға немесе басқа сыйықтықтарға батырманыз.
- Қуат сымы беткейдің (мысалы, үстелдің) шетінде ілініп түрмайтынын қадағалаңыз. Сымның ыстық беттерге немесе өткір жиектерге тимейтініне көз жеткізіңіз.
- Егер ақаулық орын алса немесе сым зақымданған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Егер құрылғының дұрыс жұмыс істемейтінін байқасаңыз, оны пайдалануды дереке тоқтатыңыз және авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз. Біліктілігі жоқ адам жүргізетін жөндеу пайдаланушы үшін өте қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны жылу көздеріне (жылтықштарға, радиаторларға және т.б.-ға), ыстық беттерге (электр немесе газ плиталарына) жақын қоймаңыз.
- Құрылғыны қолданған кезде қалыпты ая айналымы үшін әрбір жағынан кемінде 10 см бос кеңістік қалдырыңыз.
- Бұл құрылғыны пайдаланбаған кезде және тазаламас бұрын оны электр желісінен ажыратыңыз.

- Құрылғыны орнату және шешіп алу немесе тазалау алдында құрылғыны сұтыңыз.
- Құрылғыны құат көзінен ажыратқан кезде, қолыңызben құат сымынан емес, ашадан ұстап тартыңыз.
- Науаны, торды тасымалдағанда, алып тастағанда немесе ыстық май мен басқа да ыстық сұйықтықтарды төккенде ерекше сақ болыңыз.
- Қызып кетпес үшін пештің кез келген бөлігін металл фольгамен жаппаңыз.
- Жұмыс істеп түрған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Құрылғының бетін тазалау үшін металл ысқыштарды пайдалануға тыйым салынды, олар тығыздықтарды зақымдауы және электр тогымен зақымдану қаупін тудыруы мүмкін.
- Әртке немесе электр тогымен зақымдануға жол бремеу үшін пешті шамадан тыс толтырмаңыз немесе металл ыдыстарды қолданбаңыз.
- Олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі түлғалардың пайдалануына арналмаған. Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалау керек.
- Құрылғыға қандай да болмасын заттарды қоймаңыз. Қосылған құрылғыны жанғыш заттар мен материалдардан алыс ұстаңыз.
- Пешке келесі материалдарды салмаңыз: картон, пластик, қағаз және т.б.
- Пеште өндіруші ұсынбаған заттарды немесе керек-жараптарды сақтамаңыз.
- Ыстық пешке заттарды салу немесе алу кезінде әрдайым ыстыққа тәзімді қолғап киіңіз.
- Құрылғыны осы нұсқаулықта сипатталғаннан басқа мақсаттарда пайдаланбаңыз.
- Құрылғы тек үйде пайдалануға арналған.

## **Техникалық сипаттамалары**

- Үлгісі: VN-2100.
- Көлемі: 20 л.
- Электр құаты: 220-240 В, 50 Гц.
- Пештің құаты: 1400 Вт.
- Таймер: дыбыстық сигналмен 60 минут.
- Температуралы реттеу: 100 °C-ден 250 °C-ге дейін.
- Tot баспайтын болаттан жасалған қыздыру элементтері: 4 дана.
- Желілік жұмыс индикаторы.
- Шам.
- 4 сатылы қыздыруды ажыратып-қосқыш: өшіру / үсті / асты / үсті + асты.
- Аксессуарлар: қаңылтыр таба (1 дана), тор (1 дана), қаңылтыр табаны ұстағыш (1 дана).
- Қолдану саласы: тұрмыстық.


# Құрылғы схемасы



1. Индикатор шамы.
2. Таймер.
3. Пешті басқару реттегіші.
4. Температуранны реттегіш.
5. Есіктің түткәссы.
6. Қақтама торы.
7. Қаңылтыр таба.
8. Қаңылтыр таба ұстағышы.
9. Қыздыру элементі (жоғарғы және төменгі).
10. Есіктің төменгі жақтауы.


## Пешті басқару реттегіші.

1. Өшірілген.
2. Жоғарғы қыздыру элементі.
3. Төменгі қыздыру элементі.
4. Жоғарғы және төменгі қыздыру элементтері.



## Таймер және шам.

- Таймер орнатылған кезде шам жанады.
- Егер таймер орнатылмаған болса, шам сөніп қалады.



## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

### Электр пешті бірінші рет пайдалану алдында

- Пештің айналасында ауаның дүрыс айналуы үшін жеткілікті орын бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Пешті қолданар алдында оның толығымен құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Пешті ағаш бетке қоймаңыз. Пешті ыстыққа төзімді бетке қойыңыз.
- Үстіңгі бетте пеш аяқтарының іздері пайда болуы мүмкін, оларды дымқыл матамен сүртіңіз.
- Бірінші рет іске қосқанда түтін мен ерекше иістің пайда болуы қыздыру элементтерінің арнағы жабындысының байланысты және бұл ақаулық емес. Түтін 5-10 минутта кетеді.

## **Пеште пісіру**

1. Температураны реттегішті қажетті температураға орнатыңыз.
2. Пештің басқару реттегішін қажетті қалыпқа бұраңыз.
3. Таймерді сағат тілі бағытымен бұрап, қажетті дайындау үақытын орнатыңыз.
4. Таймер орнатылған бойда желілік индикатор шамы жанады да, таймер «0» күйінде болғанда сөнеді.
5. Дайындау үақыты аяқталғаннан кейін таймер автоматты түрде сөніп, құрылғы дыбыстық сигнал шығарады.
6. Дайындауды аяқтаған бойда таймерді «0» қалпына бұрап, пешті өшіріңіз.
7. Жақсы нәтижеге жету үшін пешті 10-15 минут қыздыру ұсынылады.

## **Торда құыры**

Бұл функция азық-түліктерді қақтамада дайындауға арналған.

1. Қақтама торын қаңылтыр табаға қойыңыз.
2. Азық-түліктерді торға қойыңыз да, пештің жоғарғы жағына орнатыңыз. Тағамды мүмкіндігінше үстіңгі қыздыру элементіне неғұрлым жақын қою керек (тамақ пен жоғарғы қыздыру элементінің арасына кемінде 2 см қалдырыңыз).
3. Пештің басқару реттегішін қыздыру элементінің жоғарғы қалпына орнатыңыз.
4. Температураны реттегішті 250 °C температураға орнатыңыз.
5. Таймерді қажетті пісіру үақытына орнатыңыз.
6. Дайындауды аяқтаған бойда таймерді «0» қалпына бұрап, пешті өшіріңіз.

## **Пайдалану аяқталғаннан кейін**

- Таймерді «0» қалпына бұраңыз.
- Пештің басқару реттегішін минимум мәнге дейін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
- Құрылғыны желіден ажыратыңыз.

## **Қызмет көрсету және күтім**

- Құрылғыны тазаламас бұрын, оның электр желісінен ажыратылғанына көз жеткізіп, сұығанша күтіңіз.
- Құрылғыны суға батырмаңыз немесе ағынды сүмен шаймаңыз.
- Құрылғының ішін дымқыл ысқышпен сүртіп, қағаз немесе мата сұлгімен құрғатуға болады.
- Абразивті материалдарды, металл ысқыштарды пайдаланбаңыз немесе пештің үстіңгі жағы мен керек-жақақтарын қырып тазаламаңыз, себебі бұл құрылғының жабынына зиян келтіреді және оның қызмет ету мерзімін азайтады.
- Ішкі камераны таза, дымқыл матамен тазалаңыз.

# **Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары**

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның  $5^{\circ}\text{C}$  және  $40^{\circ}\text{C}$  аралығындағы температурасында және ауаның 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тұдымратын агрессивті қоспалар (қышқыл бұлары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңын, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілу тиіс.
- Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектессіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталғанда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғының кәдеге жарату қажет.

## **Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Фошань О-Макс Электрик Эплайенс Ко., Лтд.

№6 Нанълан өнеркәсіптік ауданы 2, Синтань, Шуньдэ, Фошань қ., Гуандун пров., Қытай. Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстан:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Султан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-көнсе, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011;
- «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАӘО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы көрінісі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала ескертусіз өзгерілілуі мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:**

[www.dexp.club](http://www.dexp.club)



Өндіріс күні пайдалануши нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілді қызмет көрсетуге пайдалануши нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін үәкілдеп сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру үәкілдеп сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Егер тауардың жиынтықтылығына кіретін төменде атап өтілген керек-жарақтарды ауыстыру үшін бұйымды бөлшектеу қажет болмаса, кепілдікті міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету мыналарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған құат элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға ауыстырыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әр түрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін программалық қамтывы (ПҚ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ аталағанмен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілерінде жинақтағышқа алдын ала орнатылған ПҚ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қантар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған баусымдар, монтаждау айлабұйымдары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдар және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



## **Өндірушіге мынадай жағдайларда кепілдікті міндеттемелер жүктелмейді:**

- Кепілдік мерзімі өтіп кетті.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей арналуына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзы салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеу бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұтықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шеккен ықтимал материалдық, моралдық және өзге зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: сынықтар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысқан жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т.б. зақымданулар.
- Түрлендірулерді, руқсат етілген жөндеулерді осындаі жұмыстарды жүргізуге үәкілдепті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер ақаулық тежеусіз күш әсерінен (табиги апаттардан, өрттерден, су тасқындағынан, жер сілкіністерінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан), немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әсерінен туындаған болса. Ақаулық бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттар, сүйікшілдіктер, жәндіктер немесе жануарлар түсінен, жемір орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) болмаса немесе сәйкес келмесе. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды программалық қамтымының әсерінен; бұйымның программалық ресустарына қатынай алмауға әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнатудан, ауыстырудан немесе жоюдан, ПК жеткізуіші оларды арылту/қалпына келтіру қызметтің көрсетпейтіндіктен, ондай мүмкіндіктің болмауынан туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулықтары қуат бергіш, кабель желілерінің, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа үқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (закымдалған) шығыс материалдарды, керек-жараптарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (оның ішінде CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, видео және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға үқсас программалар) алушан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен түйіндес жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген залалға.





**www.dexp.club**